Білім беру қызметінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 17 тамыздағы № 263 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 25 тамызда № 33330 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 57) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1-4 сыныптарға арналған сынып журналының нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 5-11 (12)-сыныптарға арналған сынып журналының нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Факультативтік сабақтар, үйде оқыту журналының нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Білім алушының жеке іс қағазының насаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Педагогтердің жеке құрамын есепке алу кітабының нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналының насаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес 1-4 сынып білім алушысының үлгерім табелінің нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес 5-11 (12) сынып білім алушысының үлгерім табелінің нысаны;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітабынің нысаны;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Кеткен және келген білім алушыларды есепке алу кітабынің нысаны;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Бұйрықтарды тіркеу кітабынің нысаны;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатты есепке алу және беру кітабынің нысаны;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабынің нысаны;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Теориялық оқытуды есепке алу журналының нысаны;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Жеке сабақтарды есепке алу журналының нысаны;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Өндірістік оқытуды есепке алу журналының нысаны;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Емтихан ведомосының (білім алушыларды аралық аттестаттау үшін) нысаны;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Емтихан ведомосының (білім алушыларды кредиттік және (немесе) модульдік оқыту технологиясы бойынша аралық аттестаттау үшін) нысаны;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Білім алушылардың атаулы кітабының нысаны;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Академиялық анықтама немесе транскрипт беру кітабының нысаны;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Дипломдардың телнұсқаларын беру кітабының нысаны;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес Диплом бланкілерін есепке алу журналының нысаны;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес Диплом беру кітабының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы *Е. Оспан*

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
1-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
1-4-сыныптарға арналған сынып журналы

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала (ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____

(сынып) _____ оқу жылы

Пәннің атауы_____									
№ р/с	Білім алушының тегі, аты	Айы, күні							
									одан әрі, 26-ға дейін

Барлығы
(сол жақ беті)

Педагогтің тегі, аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда) _____ _____											
Тоқсандық бағалау көрсеткіші									Күні, айы	Тақырып тары	Үй тапсырмасы
Оқу бағдарламалары бөлімдері үшін тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) балы				тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) балы)	тақырып бойынша жиынтық бағалау % (ең жоғары 50%)	ТЖБ % (ең жоғары 50%)	Жиынтығы %	Тоқсандық бағалау			
БЖБ 1	БЖБ 2	БЖБ 3	БЖБ 4								
Ең жоғары балдар											

Ескерту:

Сынып журналы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз нұсқада толтыруға жол берілмейді

.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы

№ 263 бұйрығына
2-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
5-11 (12)-сыныптарға арналған сынып журналы

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала (ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____сынып_____ оқу жылы

	Пәннің атауы _____								
№ р/с	Білім алушының тегі, аты	Айы, күні							Одан әрі, 26-ға дейін

Одан әрі
(оң жақ беті)

Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____								
Тоқсандық бағалау көрсеткіші								
Оқу бағдарламалары бөлімдері үшін тоқсандық жиынтық балы (бұдан әрі - ТЖБ)				ТЖБ баллы	Оқу бағдарламалары бөлімдері үшін тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) балы % (ең жоғары 50%)	ТЖБ % (ең жоғары 50%)	Жиынтық %	Тоқсандық бағалау
БЖБ 1	БЖБ 2	БЖБ 3	БЖБ 4					
Ең жоғары балдар								

Кестенің жалғасы

Күні, айы	Тақырыбы	Үй тап сырма сы

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін тапсыру туралы мәлімет (5, 10 және 12-сыныптарда дене тәрбиесі пәнінің педагогі толтырады).

№	Білім алушылардың тегі, аты	Дене дайындығының деңгейі		Белгі түрі және грамоталар	Президенттік тесті тапсырған күні
		Президенттік деңгей	Ұлттық деңгей		
1					
2					
3					

Одан әрі
(сол жақ беті)
Ескерту:

Сынып журналы білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз нұсқада толтыруға жол берілмейді .

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
3-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Факультативтік сабақтар, үйде оқыту журналы
_____
(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)
_____
(аудан, қала (ауыл)
_____
(орта білім беру ұйымының атауы)
_____ сынып _____ оқу жылы
(сол жақ беті)
Факультативтік курстың атауы _____

№ р/с	Білім алушының тегі, аты	Айы, күні								
										одан әрі барлығы 26 баған

Одан әрі беттің соңына дейін
(оң жақ беті)
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
_____

Айы, күні	Факультативтік сабақтың тақырыбы	Тапсырмалар	Педагогтің өлшемшарттары

Одан әрі, беттің соңына дейін
Ескерту:

Факультативтік сабақтар, үйде оқыту журналы әр факультативтік курс бойынша негізгі және орта мектептерде жүргізіледі. Факультативтік сабақтар, үйде оқыту журналы білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда, электрондық форматта ғана толтырылады, оның қағаз нұсқада толтырылуына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің

міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
4-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Білім алушының жеке іс қағазы
№_____
Суреттің орны
Тегі_____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда)_____
Туған күні, айы, жылы _____
Мекен-жайы _____
1. Жынысы: ер, әйел _____ (астын сызу)
2._____ туған (күні, айы, жылы)
Негізі:
Туу туралы куәлік № ___ берілген күні _____ серия №_____
3. Ата-анасының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
_____
немесе заңды өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
_____
4. Ұлты _____
5. Бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін қай жерде тәрбиеленді/оқыды/
_____
6. Орта білім беру ұйымынан кету туралы белгі (қашан, қайда, себептері)
_____
Ескерту:

Білім алушының жеке іс қағазы (бұдан әрі – Жеке іс қағазы) орта білім беру ұйымына қабылданған кезден бастап мектеп бітіргенше (мектептен шыққанша) әрбір оқушыға сынып жетекшілері жүргізеді.

10-11 (12) сынып оқушыларының білім алу кезеңінде негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат Жеке іс қағазында болады.

Білім алушының жеке іс қағазы оқушының білім алуы кезінде және мектепті бітіргеннен кейін үш жылға дейін мектепте сақталады.

Білім алушының Жеке іс қағазына:

1) Туу туралы куәліктің көшірмесі;

2) 2 дана 3х4 көлеміндегі фотосурет;

3) мектептің медициналық кабинетінде сақталатын медициналық карта (мектепке қабылданған кезде талап етіледі);

4) әрбір сыныптағы үлгерім табелі тіркеледі.

Оқу жылының соңында Жеке іс қағазына барлық пәндер бойынша бағалары туралы жазбалар, білім алушылардың жетістіктері мен жіберген сабақтарының саны жазылады .

Бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде "_____мектептен кетті" деген жазба жазылып, директордың қолы қойылып, мектептің мөрі басылып, Жеке іс қағазы ата-анаға немесе өзге де заңды өкіліне беріледі.

"Алфавиттік кітапқа" тіркеу үшін әрбір білім алушының Жеке іс қағазы нөмірленеді .

Жеке іс қағаздары мектеп директорының бұйрығымен бекітілген жауапты адамда сақталады.

Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Жеке іс қағазы электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
5-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Педагогтердің жеке құрамын есепке алу кітабы

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала (ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

Кітап _____ жылы басталды

Кітап _____ жылы аяқталды

(сол жақ беті)

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы	Жынысы	Туған жылы	Ұлты	Білімі (оқу орны , факультеті, мамандығы, дипломның №, қашан бітірді)
1	2	3	4	5	6

Беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

Қашан және қандай		Осы орта білім беру ұйымына	Осы орта білім беру ұйымында қ а й	Аттестаттаудан өткен күні,	Наградалары мен атағы,		Кеткендігі туралы

біліктілікті арттыру курстарын бітірді	Қандай пәнді жүргізеді	қабылданған кездегі жалпы педагогикалық өтілі	уақыттан бері жұмыс істейді, бұйрықтың нөмірі, күні	аттестаттау комиссия сының қорытын дысы	ғылыми дәрежесі	Үйінің мекенжайы, телефоны	белгі, кету себебі
7	8	9	10	11	12	13	14

Беттің соңына дейін

Ескерту:

Педагогтердің жеке құрамын есепке алу кітабы (бұдан әрі – Есепке алу кітабы) барлық орта білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Жұмысқа жаңадан келген педагогтер келесі нөмір тәртібімен жазылады.

Есепке алу кітабындағы жазбалар құжатпен негізделеді.

Есепке алу кітабы нөмірленеді, тігіледі, орта білім беру ұйымы директорының қолымен және мөрмен бекітіледі.

Есепке алу кітабы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды форматта ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді .

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
6-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала (ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____/_____

оқу жылы (сынып) (сол жақ беті)

Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы

№	Айы, күні	Сынып	Пән	Пән бойынша педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Сабақты өткізбеуінің себебі

беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

Сабақты ауыстырған педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Ауыстырған сабақтың саны	Сабақты өткізген педагогтің қолы

Ескерту:

Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналын әрбір мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (директор) жүргізеді.

Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы орта білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Жазбалар тек ресімделген тиісті құжаттардың негізінде жүргізіледі (мектепішілік бұйрықтар, еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, сынып журналындағы жазбалар). Ауыстырылған сабақты жүргізген педагог ол жөнінде журналға қол қояды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
7-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
1-4 сынып білім алушысының үлгерім табелі

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, қала, ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____

(білім алушының тегі және аты)

"_____"_____ сынып _____ оқу жылы

(сол жақ беті)

Оқу жылының кезеңдері	Сауат ашу	Ана тілі	Әдебиет	Қазақ тілі	Орыс тілі	Шетел тілі	Математика	Жаратылыстану	Дүниетану	Музыка	Бейнелеу өнері	Көркем еңбек	Дене шынықтыру
1 - тоқсан													
2 - тоқсан													
3 - тоқсан													
4 - тоқсан													

Қорытынды баға													
Педагогикалық кеңестің шешімі													

Жалғасы Орта білім беру ұйымының басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Сынып жетекшісі _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Мөрдің орны (оң жақ беті)

Информатика (ИКТ)	Таңдау бойынша пәндер	Тәртібі	Сабақтар саны		Ата-ананың немесе баланың басқа заңды өкілінің қолы	Педагогтің қолы
			барлығы	оның ішінде		

Ескерту:

Білім алушылардың үлгерімі туралы табельдер орта білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған болса, электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыруға жол берілмейді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерімі туралы табельдер ақпараттық жүйеден жүктеліп, оған директордың қолы қойылады және білім беру мекемесінің мөрі басылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
8-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

5-11 (12) сынып білім алушысының үлгерім табелі

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, қала, ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____

(білім алушының тегі, аты)

"___"_____ сынып _____ оқу жылы

(сол жақ)

Оқу жылының кезеңдері	Пәндер атауы												
	Қазақ тілі	Қазақ әдебиеті	Орыс тілі	Орыс әдебиеті	Ана тілі	Әдебиет	Шетел тілі	Математика	Алгебра және анализ бастамалары	Геометрия	Информатика	Жаратылыстану	География
1 - тоқсан													
2 - тоқсан													
3 - тоқсан													
4 - тоқсан													
Жылдық баға													
Емтихан бағасы													
Қорытынды баға													
Педагогикалық кеңестің шешімі													

Жалғасы

Оқу жылының кезеңдері	Пәндер атауы						
	Шет тілі	Математика	Алгебра и талдау бастауы	Геометрия	Информатика	Жаратылыстану	География
1-тоқсан							
2-тоқсан							
3-тоқсан							
4-тоқсан							
Жылдық баға							
Емтихан бағасы							

Қорытынды баға							
Педагогикалық кеңестің шешімі							

Орта білім беру ұйымының директоры _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Сынып жетекшісі _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Мөрдің орны

(оң жақ)

Биология	Химия	Физика	Қазақстан тарихы	Дүние жүзі тарихы	Құқық негіздері				

кестенің жалғасы

Музыка	Көркем еңбек	Дене тәрбиесі	Алғашқы әскери және технологиялық даярлық

кестенің жалғасы

Таңдау бойынша пәндер				Тәртібі		Ата-аналардың қолы	Сынып жетекшісінің қолы

Ескерту:

Білім алушының үлгерім табелі орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыруға жол берілмейді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушының үлгерім табелі ақпараттық жүйеден жүктеліп, оған директордың қолы қойылады және білім беру мекемесінің мөрі басылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
9-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітап

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала (ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

Кітап _____ жылы басталды

Кітап _____ жылы аяқталды

Кітаптың ішкі беттері

(сол жақ беті)

№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы және айы	Жынысы	Ана тілі	Орта білім беру ұйымына қабылданған күні	Қай сыныпқа қабылданды
1	2	3	4	5	6	7

Кітаптың ішкі беттері

(оң жақ беті)

Білім алушының мекен-жайы	Кеткен күні	Қай сыныптан кетті	Кету жөніндегі бұйрықтың күні мен нөмірі	Қайда кетті (облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, орта білім беру ұйымы)	Кету себептері (оның ішінде, орта білім беру ұйымын бітіргенде)	Жеке іс қағазының берілгені туралы талон
8	9	10	11	12	13	14

Ескерту:

Білім алушылар жазылатын алфавиттік кітапқа (бұдан әрі - Алфавиттік кітап) орта білім беру ұйымының барлық білім алушылары жазылады. Жыл сайын кітап жаңа қабылданған оқушылармен толықтырылып отырады. Оқушылардың тегі оның оқитын сыныбына қарамастан алфавиттік ретпен енгізіледі.

Алфавиттің әрбір әрпіне жеке бет арналып, әр әріпке реттік нөмір қойылады. Кітаптағы рет нөмірі оқушының жеке іс қағазындағы нөмірі болып табылады.

Жеке іс қағазында бұл нөмір бөлшек түрінде қойылады. Мысалы, "№ Б/15" – білім алушының алфавиттік кітапта "Б" әрпіндегі № 15 болып жазылғанын білдіреді.

Егер бұйрықпен рәсімделіп мектептен шығып кеткен білім алушы қайтып келсе, онда ол туралы дерек жаңадан келген оқушы ретінде қайта жазылады.

Барлық беттері толған жағдайда жазуды жалғастыру әрбір әріп бойынша келесі нөмірлер тәртібімен жаңа кітапқа жазылады. Кітаптағы түзетулер мектеп директорының қолымен белгіленеді. Алфавиттік кітаптың беттері нөмірленіп, тігіледі, директордың қолы қойылып, мөр басылады. Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Алфавиттік кітап электронды түрде ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы

2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
10-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Кеткен және келген білім алушыларды есепке алу кітабы

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)
_____қала/ауыл, _____ауданы, _____ облысы

Кеткен/келген білім алушылар туралы мәлімет	Білім алушылардың кетуі туралы есептен шығару талоны/келген білім алушыны есепке алу талоны
Тегі _____	Тегі _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____	Әкесінің аты (болған жағдайда) _____
Туған күні _____	Туған күні _____
Оқыған сыныбы _____	Оқыған сыныбы _____
Қайда кетті _____	Орта білім беру ұйымы (атауы, мекен-жайы) _____

Орта білім беру ұйымының басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
(орта білім беру ұйымының мөрі) "__" _____ 200__жыл

Ескерту:

Білім алушылардың қозғалысын есепке алу және бақылау мақсатында білім алушылардың кетуін және келуін есепке алу кітабы (бұдан әрі – Кітап) барлық орта білім беру ұйымдарында жүргізіледі. Кітапқа директордың қолы және білім беру ұйымының мөрі қойылады, беттері нөмірленеді, тігіледі, бекітіледі.

Білім алушылардың кеткені туралы шығару талоны жаңа орта білім беру ұйымына келуі туралы шығару талонын алу мақсатында типіне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымына көрсету үшін кәмелетке толмағандарға олардың оқыған жерінен беріледі.

Оқушы кеткен және келген мектептердің басшылары оның орта білім беру ұйымында болғандығы туралы мәліметтермен тексеріледі, ол болмаған жағдайда олар жазбаша түрде құзыретті органдарға хабарлайды.

Орта білім беру ұйымының іс-қағаздарында білім беру басқармасы, білім беру бөлімі, аудан, қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдігінің осы ұйымға оның шекараларын нақты белгілей отырып, шағын ауданды бекіту туралы шешімінен үзінді көшірме, шағын ауданның картасы бар. Кітап орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы

2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
11-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Бұйрықтарды тіркеу кітабы

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала (ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

Кітап _____ жылы басталды

Кітап _____ жылы аяқталды

№ р/с	Бұйрық №	Шығарылған күні	Бұйрықтың атауы	Кім қол қойды (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы

Ескерту:

Орта білім беру ұйымында бұйрықтарды тіркеу кітабы (бұдан әрі – Кітап) негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша және оқушылардың қозғалысы бойынша жүргізіледі.

Кітаптың әрбір парағы нөмірленеді, тігіледі және орта білім беру ұйымы директорының қолы қойылып, мөр басылады. Кітап орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
12-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
Негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала, ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

Кіріс

№ р/с	Аттестаттардың атауы, сериясы, нөмірі	Саны	Кіріске алу үшін негіздеме және алған күні

Кітап _____ жылы басталды

Кітап_____ жылы аяқталды

1-бөлім. Негізгі орта білім беру ұйымын бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу.

(сол жақ беті)

Кітаптің ішкі беттері

беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

Шығыс				
№ р/с	Аттестаттардың атауы, сериясы, нөмірі	Саны	Беру үшін негіздеме, берілген күні	Аудандық (қалалық) білім бөлімі меңгерушісінің немесе мектеп құжаттамасымен айналысатын адамның қалған бланкілерді, сондай-ақ олардың нөмірлерін көрсете отырып, бүлінген бланкілерді алғаны туралы қолы

Беттің соңына дейін

2-бөлім. Негізгі орта білім беру ұйымын бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу

Кітаптің ішкі беті

(сол жақ беті)

№ р/с	Аттестаттардың атауы және сериясы, нөмірі	9 (10)-сыныпты бітірушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы, айы, күні	Осы орта білім беру ұйымына қабылданған жылы	Пәндер бойынша білім бағасы
1	2	3	4	5	6

Беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

№ р/с	Марапаттау	Негізгі орта білім беру ұйымын бітіргені туралы педагогикалық кеңес шешімінің жылы, айы, күні	Негізгі орта білім беру ұйымын бітіргені туралы аттестатты алу жөніндегі қолхат

Кітаптың соңғы беті

Осы кітапта _____ (жазбаша) бет нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген.

Орта білім беру ұйымының басшысы _____ (қолы)

Мөрдің орны

_____ жылғы "_____" _____

Ескерту:

Негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітабы (бұдан әрі – Кітап) директордың оқу работе жөніндегі орынбасары негізгі орта және жалпы орта мектептерде жүргізеді.

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 5-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) сәйкес БТ сериялы аттестат беріледі.

Қалған таза және бүлінген аттестат бланкілерінің сериясы мен нөмірі көрсетіле отырып, аудандық (қалалық) білім бөліміне тапсырылады. Кітапта бланкілерді тапсыру туралы тиісті жазба жазылады.

Кітаптың бірінші бөлігінде сериялары мен нөмірлері көрсетіле отырып, негізгі орта мектепті аяқтағандығы туралы алынған және берілген аттестаттардың саны ескеріледі.

Негізгі мектепті бітіргені туралы аттестаттың телнұсқасын беру туралы жазба осы Кітаптағы кезекті нөмір бойынша жүргізіледі, онда 4-23 бағандар мынадай мәтінді жазу үшін пайдаланылады: "_____ жылғы _____ (күні) _____ (айы), берілген №_____ _ сериясы _____ жоғалған түпнұсқаның орнына берілген телнұсқаны _____ жылғы ____ (күні) _____ (айы) алдым", ал жоғары жағында 2-жолда №_____ сериясы _____ __ телнұсқаны беру туралы белгі қойылады.

Қате толтырылғанның орнына негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат беру туралы жазба Кітаптағы кезекті нөмір бойынша жүргізіледі, онда 4-23 бағандар мынадай мәтінді жазу үшін пайдаланылады: "_____ жылғы _____ (күні) _____ (айы), берілген №_____ сериясы _____ қате толтырылған түпнұсқаның орнына _____ жылғы ____ (күні) _____ (айы) алдым", ал жоғары жағында 2-жолда №_____ сериясы _____ қайта аттестат беру туралы белгі қойылады.

Экстернге негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат беру туралы жазба осы Кітаптың "Осы мектепке қабылданған жылы" деген 5-бағанында "экстерн" деп жазылады.

Мектепті осы жылы бітіргендер тізімінің соңында барлық аттестат алғандардың қолы болуы тиіс.

Кітаптың беттері нөмірленіп, тігіледі және аудандық (қалалық) білім бөлімі меңгерушісінің мөрімен және қолымен бекітіледі.

Кітап білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Кітап оқу жылының қорытындысы бойынша ақпараттық жүйеден жүктеліп, кітаптың беттері нөмірленіп, тігіліп, мектеп директорының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен бекітіліп, сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 263 бұйрығына
13-қосымша/
Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы

_____

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____

(аудан, қала (ауыл)

_____

(орта білім беру ұйымының атауы)

Кітап _____жылы басталды

Кітап _____ жылы аяқталды

1-бөлім. Жалпы орта білім туралы аттестаттарды есепке алу

Кітаптың ішкі беті (сол жақ беті)

Кіріс			
№ р/с	Аттестаттардың атауы, сериясы, нөмірі	Саны	Кіріске тіркеу үшін негіздеме және алған күні

Беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

№ р/с	Аттестаттардың атауы, нөмірі, сериясы	Саны	Беру үшін негіздеме және берілген күні	Аудандық (қалалық) білім бөлімі меңгерушісінің немесе мектептің құжаттамасымен айналысатын адамның қалған, сондай-ақ бүлінген бланкілердің нөмірін көрсете отырып, оларды алғаны туралы қолы

Беттің соңына дейін

2-бөлім. Жалпы орта білім туралы аттестаттарды беру есебі

Кітаптың ішкі беті

(сол жақ беті)

№ р/с	Жалпы орта білім туралы аттестаттың сериясы және нөмірі	Орта мектепті бітірушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы, айы, күні	Осы орта білім беру ұйымына қабылданған жылы	Пәндер бойынша білім бағасы

Беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

№ р/с	Марапаттау	Орта мектепті бітіргені туралы педагогикалық кеңес шешімінің жылы, айы, күні	Жалпы орта білім туралы аттестатты алу жөніндегі қолхат

Кітаптың соңғы беті

Осы кітапта _____ бет (жазбаша) нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген.

Орта білім беру ұйымының басшысы _____ (қолы)

_____ жыл " _____" _____

Ескерту:

Жалпы орта білім туралы аттестат беру және бланкілерді есепке алу кітабы (бұдан әрі – Кітап) директордың оқу работе жөніндегі орынбасары жалпы орта мектепте жүргізеді.

Бірінші бөлімде жай аттестаттың, үздік аттестаттың және ерекше үлгідегі "Алтын белгі" аттестатының сериясы мен нөмірлері көрсетіле отырып, жалпы орта білім туралы аттестаттардың алынған және берілген бланкілерінің саны жеке ескеріледі.

